

*Т.М. Муттайрова*

## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ДАМУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Гендерлік саясаттың даму тарихының шығуы ХІХ ғасырда басталды деп есептеуге болады. Батыс Еуропа және АҚШ елдерінде екі жыныстылардың теңдігі туралы феминистік қозғалыс пайда болды. Бұның негізгі бағыты - әйелдердің сайлау құқығы туралы күрес болды. ХХ ғ. 60-шы жылдары жаңа гендер ұғымы пайда болды. Ғылымда осы кезде «гендер» ұғымына анықтама беріле бастады. Онда биологиялық жынысы негізінде қоғамда қалыптасқан әйел мен еркектің әлеуметтік рөліндегі ерекшелігі ретінде қарастырған. Гендерлік ерекшеліктің негізі мынада жатыр: ерлердің бастауы - үстемдік ету, ал әйелдер – бағынушы. Барлық мәселе осыдан шығады. Бірақ гендер - биологиялық жыныстық ерекшеліктеріне қарағанда өте күрделі құрылым. Жыныстық биология, гендерлік ұқсастық, гендерлік идеалдар жыныстық ұқсастықтың бірнеше бөлігінің компонентінен тұрады [1]. Гендер екі жыныстылардың, яғни өз кезегінде бір жыныстың екінші жынысқа жататындығына байланысты белгілі бір әлеуметтік рөлдерінің орындауындағы айырмашылықтары физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктерінің анықтамасын сипаттайды. Әйелдер мен ерлер гендерлік аспектеде, яғни белгілі бір мәртебесі, мүддесі, қажеттілігі және жүріс-тұрыстың әлеуметтік стратегиясын иеленетінін әлеуметтік индивид ретінде қарастырылады.

Сонымен, гендерлік саясаттың маңызы - қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік, әйелдерге қатысты барлық түрлі дискриминацияны жою, оларды саяси әлеуметтендіру. Әлеуметтік дискриминация қоғамның барлық саласында кездеседі. Әсіресе, қоғамның саяси өмірінде ерекше айқын көрініс табады. Қазақстанда гендер саясатының белсенді дамуы, ҚР егемендік алғаннан кейін басталды деп есептеуге болады. Егер гендер саясатының шығу тегін салыстырып зерттесек, ол Қазақстанда 90-шы жылдарын бастау алып, қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Бұның жағымды жетістіктерінің болғанын сенімді түрде атап көрсетеуге болады. Екі жыныстылар ішінде қайсысы аз қорғалады деген сұрақ туса, оған тек бір ғана жауап бар: ол- әйел адамдар. Оған келесі фактіні айтуға болады, яғни әйелдерді қорғау үшін дүниежүзінде көптеген ұйымдар құрылған және құрылуда. Олар өз мақсаттарына жету үшін өте белсенді жұмыс жасап жатыр. Ал ер адамдарға келсек, олар саясат және барлық қоғам өмірінде әрқашанда биік орын алады. Бұның себебін мақала барысында әрі қарай жалғастырып көрсетеміз.

Мақаладағы негізгі мәселе төмендегі мақсатына сәйкес бөліп қарастырылады: әйелдердің саяси және экономикалық алға жылжуы; қоғамда, тұрмыстық өмірде әйелдерге зорлық көрсетуге қарсы күрес; әйелдердің денсаулығын жақсарту және т.б.

Өткен ғасырдың аяғында Қазақстанда әйелдер қоғамдық-саяси өмірде белсенді субъект болған жоқ.

Саясат әйелдерді нақты қажет етпеді, бұның себебі психологиялық ерекшелік болып табылады: әйелдер ерлерге қарағанда төмен бағаланады. Бұның негізінде әйелдермен қатар ерлердің төмен бағалануы жатыр. Қазір әйелдердің психологиялық қайта қалыптасуы анық байқалады. Қазіргі кезеңде әйелдердің әлеуметтік саяси бейімделуі өте тиімді болуы қажет. Бүгінгі таңда әйелдердің азаматтық белсенділігі байқалады, бұның негізгі көрсеткіші әйелдер қызмет ететін үкімет емес ұйымдар санының өсуі болып табылады. Әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары гендерлік саясаттың индикаторы деп айтуға болады. Тәуелсіздікті алумен Қазақстанда бұқаралық әйелдер ұйымының құрылу процесі қарқынды өсуде. Республикада 150 -ден аса әйелдер мәселесімен айналысатын әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары қызмет етеді. Әйелдер қозғалысы қалыптастырған бүгінгі таңда белгілі мынадай ұйымдар бар, олар- «Іскер әйелдер ассоциациясы», «Феминистская лига», «Жалғыз басты аналардың Алматылық ассоциациясы» және т.б.

Қазақстанда гендерлік қозғалыс дамуының маңызды бір кезеңі ҚР Президенті жанындағы отбасы және әйелдер ісі бойынша ұлттық комиссияның құрылуы болды.

Соңғы кездері әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының қызметтерінде маңызды өзгерістер болды. Бастапқы кезде барлық ұйымдар бала және әйелді әлеуметтік жағынан қорғау, көп балалы және жалғыз басты аналардың, мүгедек аналардың және т.б. құқықтарын қорғаумен қатар психологиялық және заңдық көмек көрсетеуді қамтамасыз етумен айналысса, ал қазіргі таңда олардың қызметі әйелдердің саяси белсенділігінің деңгейін көтеруге, саяси процестегі сұрақтарды шешуде олардың теңқұқылы қатысуына, саяси қатынастарда әйелдердің теңқұқылы субъект болуына бағытталған. Бұрын саясатқа ер адамдарға қарағанда әйелдер саяси тәжірибелері аз денсаулық сақтау, білім салаларынан келетін болатын, бірақ соңғы кездерде жағдай өзгерді, қазір саясатта саяси тәжірибесі өте жоғары заңгер, бизнесмен әйелдер саны өсіп келеді.

Әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары қозғалысы саясатқа күшті әсер етіп отыр. 1998 ж «Әйелдердің сайлау бастамасы» коалициясы пайда болды, 1999 ж «Әйелдердің сайлау блогы» өзінің қоғамдық саяси қызметін бастады. «Әйелдерді дискриминациялайтын заңдарды алып тастау туралы» Әйелдер конвенциясының 2-бабының талаптарына сәйкес ұлттық заңнамаға гендерлік сараптама жүргізілуде.[4].

Қазақстан әйелдер құқығы бойынша БҰҰ-ның «Әйелдерді дискриминациялайтын барлық органдарды жою», «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» конвенциясына, сонымен қатар 30-дан аса халықаралық келісімшарттар мен конвенцияларға қол қойып келісімшартқа отырды.

Қазақстандағы әйелдер саясатқа немқұрайлы деген ескі көзқараспен келісуге болмайды. Бізде саясатта белсенді әйелдер көп. Тек оларды қолдау керек. Парламент, мәслихат орындарына жету үшін әйелдерге сайлау технологиясын үйрету керек. ҚР Президенті жанындағы әйелдер және отбасы ісі бойынша ұлттық комиссия дәл осы жұмыспен айналысады. Әйелдерді алға тартып, имиджін жасап және оларға дауыс беру керек. Себебі елдегі тұрғындардың тең жартысын әйелдер құрайды.

Әйелдер отбасында әртүрлі қызмет атқарады, оны саясатпен байланыстыру өте қиын, бірақ мүмкіншілік бар. Олар отбасының бір мүшесі, үй шаруашылығында қызмет етеді, негізгі жұмысы бала күтімі болып табылады. Біз әйелдер үлкен ерік-жігердің, күштің, шыдамдылықтың иесі екендігін көре аламыз, ал енді саясатта айналысу олардың қолынан саясатпен айналысу келмейді деп айта алмаймыз.

Сонымен қатар зерттеулерге сүйенсек, лидер әйелдердің стилі ер адамдарға қарағанда өзгеше: әйелдер- сайлаушылардың мұқтаждықтарына сезімталдықпен қарайды, компромиске келуге бейім, саяси жұмыстарда мәселені шешуде демократияшыл. Ал лидер ер адамдардың стилі иерархиялығымен, технократиялығымен ерекшеленеді.

Әйелдердің экономикалық жағынан алға жылжуына көмектесу керек. Саясатқа экономикалық жағынан тәуелсіз әйел саясатпен нақты айналысып, әсер ете алады. Әйелдер мен ерлер экономикалық салада әртүрлі позицияны ұстайды. Әйелдер қызмет көрсету саласында көп кездеседі, мысалы, білім, ақпарат және құжатпен қамтамасыз ету, саудада, коммуналдық қызмет көрсету және т.б. [5].

Гендерлік саясат әйелдердің денсаулығын жақсартуды көздейді. Басты мақсаты – әйелдердің денсаулығын жақсарту, анемия ауруымен күресу, бала мен ананың өлімін азайту, рак аурулары үшін арнайы орталықтар ашу және т.б.

Әйелдерге зорлық көрсетуге қарсы күрес жөнінде біраз істер атқарылды. Егер 1998 жылға дейін бұл мәселемен тек ҮЕҰ, халықаралық ұйымдар айналысатын болса, ал 2010 жылдан бастап бұл республикалық деңгейде қарастырылады. Бұған мысал – әйелдер ұйымдастырған екі республикалық конференциядағы ҚР Президентінің сөзі. Президент өз сөзінде әйелдерге зорлық көрсетушілік пен күресу жөнінде ашық айтты. Әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары мемлекеттік органдармен бірге әйелдерге зорлық көрсетушілерге қарсы жұмыс істеп келе жатыр.

Тұрғындарға жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша зорлықты әйелдер әртүрлі түсінетін болған: олар өздеріне қатысты еңбек етуге, оқуға қысымшылық жасауды, ұрысты,

ұрып соғуды зорлық деп қабылдамайды. Өкінішке орай, біздің заңнама тек ауыр жағдайларда ғана жаза қолданады.

Әйелдерге қарсы зорлық фактісі үлкен үрей туғызып отыр. ИМ мәліметтері бойынша әйелдер көбінесе тонап кету, өлтіріп кету сияқты қылмыстарға тап болады. Осы әрекеттердің бәрі көшеде емес, өз үйлерінде болады.

Әйелдер отбасында да күш көрсетуге тап болады, бірақ олар қорғаныш іздеп, қорғануға талпынбайды. Бұл үйдегі жайсыз жағдайларды сыртқа шығармауға тырысудан пайда болады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы әйелдер өз құқықтары үшін күресте үлкен жетістіктерге жеткен. Біздің елдегі әйелдерді төмендету рейтингі төмен емес. Әйелдердің проблемалары өте көп.

Әйелдерді биліктен және меншіктен аластату болып мыналар табылады:

күрделі әлеуметтік саяси жағдай;

ел өміріндегі экономикалық криминалогия;

қоғамдағы әйелдер туралы ескі көзқарас;

әйелдерді саяси процесте төмен бағалау;

заңшығарушы билік органдарына әйелдердің қатысуын қиындату;

саяси өмірде әйелдер қозғалысының әлсіздігі.

Гендерлік сараптама жасау үшін жаңа заңдарды қабылдау үшін жұмыстар жүргізу керек. Біздер БҰҰ-ның халықаралық адам құқықтары және әйелдерді дискриминациялаудың барлық түрлерін жою туралы Конвенцияны басшылыққа алуымыз тиіс.

Гендерлік саясаттың енгізілуі, әйелдер мүддесін ескере отырып Қазақстандағы саяси процестерді тұрақтандыру, әйелдерді дискриминациялауды жоюға бағытталған заң қабылдау және өкілетті органдарда әйелдердің санын көбейту болашақта әлеуметтік саяси келеңсіздіктердің алдын алады.

Жыныстық дискриминациямен күрес- мемлекеттік гендерлік саясаттың ең маңызды алғы шарты. Қазіргі таңда Қазақстан – гендерлік институттың дамуы жөнінде және дискриминацияны жою мәселесі бойынша бірден-бір алда келе жатқан мемлекет.

1. Смелзер Н. Социология. -Москва, 1994 г. С.303.

2. Мекебаева М.А. Изменение социально-ролевых функций женщин в РК и их влияние на политическое поведение// Саясат.- №10 - 11/2000 г. С. 13.

3. Дьяченко С.А. Эффективная социально-экономическая гендерная политика как важный фактор развития общества// Саясат.- №10-11/2000 г. С.8.

4. Хасанова Г. Женское политическое участие в РК // Саясат. №5/2002 г.- С. 25.

5. Шеденова Н., Ускембаева М. Гендерные аспекты экономической активности сельского населения// Саясат.- №7/2005 г.- С. 39.

\*\*\*

The article is dedicated to the modern gender policy.

\*\*\*

Эта статья посвящена теме современной гендерной политики.

*Н.Д. Даминова*

## ТЕХНИКО-ЮРИДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЗАКОНОТВОРЧЕСТВА И ЗАКОНОТВОРЧЕСКАЯ ОШИБКА

Общество принятие новых законов всегда связывает с положительным начаом, тенденциями и полагает, что это является предвестником или основой перемен. К великому сожалению, такие соображения и взгляды мы не можем сегодня отнести к нашим реалиям, наше общество всегда находится в состоянии ожидания и последующего за ним разочарования. Со времен провозглашения суверенитета, социальных потрясений и целого ряда конституционных реформ в нашей стране было принято и принимается по сей день, очень много законов, но увеличение этого массива никак не отразилось и не отражается на благосостоянии человека, общества и государства. Причин тому много и здесь, мы хотели бы